

№12 Лекция

Тақырыбы: Жайық өзеніне физикалық-географиялық сипаттама

Жоспары:

1. Географиялық орны
2. Жер бедері
3. Гидрологиясы
4. Климаты
5. Топырағы
6. Жануарлары мен өсімдіктері
7. Қорытынды
8. Пайдаланылған әдебиеттер

Қазіргі кезде әлемдік табиғат қорғаумен тиімді табиғат ресурстарын пайдалану туралы үш проектілер бар. Олар: «Анды», «Алпі!», «Дунай» проектілері. «Дунайға» қатысып 32 еуропалық мемлекеттердің бірі – көршіміз Ресей.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауында 2007 ж. 30-басым бағытының 28-ші бағытында (УІ-тарау. Қазақстанның жаңа өңірлік және геосаяси жауапкершілігі) нақты айтылған: «Қазақстанның көптеген проблемаларының айталық, табиғатты қорғау сияқты проблемасының шекарааралық сипаты бар. Оларды өзіміздің көршілеріміз – Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия мемлекеттерімен бірлесіп, бассейндік қағидаттың негізінде ғана шешуге болады. Бұл үшін халықаралық қатысуымен, Дунай, Альпі, Анды келісімдерінің үлгісі бойынша тұрлаулы дамудың шекарааралық аймағы құрылуға тиіс» делінген. Айтылған үш көршілердің ішіндегі ең ынтазары Қазақстан болары хақ. Себебі, Қазақстандағы үлкен өзендері көп емес, аз Іле өзені бастау басын Қытайдан алса, Ертіс пен Жайық өзендерінің бастауы – Ресейде. Олай болса, біздің экологиялық, гидрологиялық, сушаруашылығы заңгер т.б. мамандарымыз халықаралық деңгейдегі білікті азаматтар болып, көрсетілген әлемдік проектілерге негіздей отырып, табиғатын, ресурстарын, қорғай білуі керек.

Орал өзені бойынша жылдық су жиналуы белгілі дәрежеде ішкі жылдық және көпжылдық тербелісте болады. Көктемгі су жиналу (тасқын) көлемі, жылдық көлемінің 65-70% құрайды. Аз сусыз жылдары бұл көрсеткіш 3-3,5 есе азайды.

Орал өзені Ресей Федерациясы территориясы жерінде төрт қолдан жасалған суқоймалары мен су жиналу (сток) шектелген. Олар: жоғарғы және оралдық, Орал, су қоймалары, Магнитогорскі суқоймасы, Ириклин және жоғарғыкумақ су қоймалары. Суларының жиынтық көлемі-4 км² ден көбірек. Су бетінің жалпы ауданы -380 ш.км. Орал өзені орташа жылдық су жиналуы көлден (60%) Сахмара өзенінен қалыптасқан. (Кесте -1). Ириклин суқоймасынан көктемгі кезде (наурыз) 150-510 м³/с көлеміндегі тербелісте болып отырады. Ал, жалпы күзгі - қысқы аралығындағы орташа ағызуы – 45

м³/с шамасында.

Кесте 1.

Орал өзені бойынша орташа көпжылдық шығыны (бассейінің әртүрлі аймақшасында) және өзеннің негізгі құйылыстары.

Судың ағып өту пункттері (бақылау)	Көпжылдық орташа шығын м ³ /с		
	Орташа Көпжылдық	75% қамту	95 % қамту
Орскі қаласы	67,5	29,6	9,32
Орынбор қаласы	107	52,1	22,7
Орал қаласы	320	174	85,4
Көшім селосы	333	190	97,6
Сахмара өзені сағасы	146	96,5	51,2
Елек өзені сағасы	42,5	18,3	6,93

Орал өзені бассейінің жоғарғы ағысы бөлігінде өзендер суын тежеп (зарегулированность) Ресей Федерациясы халық шаруашылығы үшін су қоймаларын салынуынан Оралдың төменгі ағысына судың аз болуын тездетті. Бұны, судың Орал өзені төменгі ағысына кезеңдер мен, орташажылдық су көлемінің азайып келуін байқауға болады. Егер, орташа көпжылдық су көлемі – 12,3 км³/ жылда теңізге ағатын болса, онда: 1991 жылы 10,6 км³/жыл, немесе 14% аз жіберген

1995 жылы 9,5 км³/ жыл, немесе 23% аз жіберілген

2001 жылы 7,25 км³/ жыл, немесе 41% аз жіберілген.

Бірақта өзен суы 2001 жылдан бері орташа жылдық су көлемінің шығыны және көлемі, орташа 4 жылда бір мәрте көтерілу бағыт алған (Кесте-2).

Кесте -2.

Орал өзені су ағыны (сток) негізгі көрсеткіштер (БҚО гидромет орталығы дерегі бойынша.

	Жылдар	Орташа су деңгейі, см.	Орташа жылдық шығыс м ³ /с	Орташа жылдық сток көлемі. км ³ .
Көшім селосы	Орташа көпжылдық 1995 жылға дейін.	Орташа су деңгейі.см.	Орташа жылдық шығыс м ³ /с	Орташа жылдық сток көлемі. км ³ .
	1995	183	234	7,38
	1996	149	219	6,92
	1997	152	244	7,70
	1998	177	-	7,22
	1999	159	305	7,03
	2000	178	-	7,24
	Орташа 6 жылда	166	250	7,25
	2001	200	361	11,4
	2002	264	445	14,0
	2003	198	316	9,97

	2004	233	371	-
	Орташа 4 жылында	223,75	373,25	11,79

Жайық өзенінің ерекшелігі төменгі ағындағы тармақтарының жоқтығы. Бұл ерекшелігі Жайық өзенінің су режиміне ықпал етеді Жайықтың тасқын суының деңгейі әр жылда әртүрлі. Жалпы, жайық су деңгейінің айырымы 7 метрге дейін барады.

Жайық өзені ағымының өзгергіштігінің себебі, алқаптағы ауа райының күрт құрлықтылығы (континенталдігі) және өзен қорегінің қалыптасқан режимі.

Жайық өзенінің көпжылдық (1995-2004) орташа су шығыны – 373 м³/с, өзеннің ең көп су мөлшері шығыны – 1942 жылы 18400 м³/с болды. Ал, 1994 жылы шығынданған су мөлшері максимумы – 11980 м³/с жетті.

Жаздың ортасында, Жайық толық өзінің арнасына түседі. Тасыған кездегі өзінің арнасын өзгертеді, яғни су тасыған кездегі жайылмалар орнына кең көлшіктер қалдырып, тамыз айында Жайық қатты тайызданып қалады. Осы кезде Жайықтың Тайпақ, Шабдарат елдімекені маңынан адамдар жаяу өтіп жатады.

Қорытынды:

1. Тұщы су проблемасы бүкіләлемдік мәселелердің маңыздысы деп қарайтын болсақ, онда Қазақстан үшін №1 ХХІ ғасырдың ең бағалы тауары болмақ деп есептесек, ХХ ғасыр екінші жартысында, яғни 50 жылда су деңгейінің төмендеп, 40%-ға тайызданғанын байқаймыз.

2. Жайық өзені мемлекеттер аралық трансшекаралық байланыстағы үлкен табиғи ресурстағы су қоймасы. Өзеннің үш ағысы бар. Төменгі, жайылмалы далалық ағысының кеңістік масштабы ортаңғы, жоғарғы ағыстарына қарағанда әлдеқайда молырақ алқапты алып жатыр. Осы жердегі табиғи су айналымы бұзылған. Нәтижесінде Жайық өзені төменгі ағысындағы өзен арнасы – 50 см, су деңгейінен айырылған.

3. Орал – Каспий бассейні қалыпты тіршілігін сақтау үшін Орал өзенінің орташа көпжылдық шығыны – 12 км³/жыл су мөлшерін: жоғарғы, ортаңғы, төменгі бөлігі деп үш география-экономикалық ауданы деп бөлгенде, табиғаттағы су айналымын ескеру керек деп ойлаймыз. ол үшін 12 км³ суды үшке емес 4-ке бөліп, бір бөлігін табиғат шығынына (топырақтың фильтрациясы, булану, т.б.) арнап, табиғи су айналымын жандандыру керек деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. « Проблемы загрязнения основных трансграничных рек Казахстана , I том »-М.Ж.Бурлибаева , Н.А. Амиргалиев , И.В. Шенбергер , В.А. Скольский , Д.М. Бурлибаева , Д.В. Уваров , Д. А. Смирнова , А. В. Ефименко , Д. Ю. Милюков -Алматы: Издательство «Қағанат» , 2014 . - 744 с
2. «Биогенные вещества в основных водотоках Казахстана» - М. Ж. Бурлибаева , Е.Ж. Муртазин , Н. А. Искаков , Т. К. Кудеков , С.К. Базарбаев –Алматы 2003 ж. -723 с.